


Робототехникасы



- «Роботехника» сөзі ең бірінші рет Айзек Азимовтың 1941 жылы жарық көрген ғылыми-фантастикалық «Жалғаншы» («Лжец») атты әңгімесінде қолданылған.



□ «Робототехника» сөзінің негізін қалайтын «робот» сөзін 1920 жылы Карел Чапек деген чехиялық жазушы алғаш болып ойлап тауып, өзінің 1921 жылы қойылып, көрермендердің ілтипатына ие болған ғылыми-фантастикалық «Р. У. Р.» («Россумские универсальные роботы») атты пьесында қолданған. Сол пьесада зауыт бастығы адамдарға ұқсас роботтарды ойлап табады да, тоқтатпай жұмыс істетеді. Басында андроидтар адамды мінсіз тыңдап, жұмыс істейді, алайда кейіннен қарсы шығып, өз жаратушыларын жояды.






Гуманоид роботтар

- дене бітімі адам денесіне негізделген роботтар. Олар "андроид роботтар" деп те аталады. Олар адамның физиологиялық және ақыл- ой ерекшеліктері жағынан әлдеқайда жетілдірілген. Жалпы, гуманоид роботтардың басы, екі қолы, екі аяғы мен кеудесі бар. Кейбір гуманоид роботтардың беті, көзі мен аузы да болады.



Гуманоид роботтар



**"Шеки"
роботы**

**КРИО- "Sony"
компаниясы**

- "Шеки" роботы 1966-1972 жылдар аралығында SRI International компаниясының "Жасанды ақыл- ой" зертханасында жасақталған болатын. Шеки өз әрекеттерін тұжырымдай алатын алғашқы робот болып табылады. Оның теледидар камерасы, қашықтық өлшеушісі және дыбыс беретін тестігі бар.



- КРИО- "Sony" компаниясы нарыққа шығарған, сатылымға түскен екі аяқты гуманоид ойын- сауық роботы. Ол дауыс және бет- әлпетті тануға қабілетті. Олар ұнамды немесе ұнамсыз адамдарды есінде сақтай біледі және сөйлейді. Сондай- ақ 23 см/секунд жылдамдықпен жүре де алады. КРИО Гиннестің рекордтар кітабына "жүгіре алатын және ең жүйрік алғашқы екі аяқты робот" ретінде енді.

